

## Жүгерінің тұқымдары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 18 тамыз 1993 ж. N 349-ө

1. "Есік" АӨК-і мен Югославияның "Зимун Поле" институтының және "Гибрид" бірлестігінің еншілес фирмасы "Гибрид А.Х.М.Б.Х" фирмасы ұсынған жүгерінің будандық тұқымдарын кептіру және өңдеу жөнінде зауыт салу мен оны бірлесіп пайдалану туралы жоба мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 21-4/4332 кепілдігіне сәйкес Қазақстан Әлем Банкі "Есік" АӨК-іне осы жобаны қаржыландыру үшін 3,7 млн. АҚШ доллары мөлшерінде валюталық кредит беру мүмкіндігін қарастырсын.

3. Мыналар ескерілсін:

Югославия жағының инвестициялары 3,7 млн. АҚШ доллары болады;  
кредитті өтеу өнімді экспортқа шығарудан түскен қаржы есебінен қамтамасыз етіледі;

Югославия жағы валюталық кредитті өтеуді қамтамасыз ету мақсатында өнімнің бір бөлігін экспортқа шығаруға жәрдемдесуге міндеттенеді;

Алматы облысының әкімшілігі мен "Есік" АӨК-і кредит жөніндегі валюталық төлемдерді қамтамасыз ете алмаған жағдайда 1994-1996 жылдары Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы шаруашылықтардың есебінен жыл сайын 1000 тонна жүгері тұқымын, не 2000 тонна соя мен 500 тонна жүгері тұқымын тапсыруға кепілдік береді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берілген үкіметтік кепілдік пен кредиттік келісімді тіркесін.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Алматы облыстық әкімшілігі кредиттің уақтылы өтелуін және жобаның іске асырылуын бақылап отыратын болсын.

Премьер-министр